

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

DEXP SW86 фитнес-сағаты



Құрметті сатып алушы!

Сізге біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Біз сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына қамқорлық жасаңыз және бұйымды одан әрі пайдалану кезінде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Фитнес-сағат күнді, уақытты, хабарламаларды және басқа ақпаратты көрсетуге, сондай-ақ әртүрлі физиологиялық көрсеткіштерді қадағалауға арналған.


Сақтық шаралары

1. Құрылғымен біліксіз манипуляциялар (түрлендіру, жөндеу және т.б.) құрылғыны бүлдіруі мүмкін. Кепілдікті тегін қызмет көрсетуге арналған құқықтан айырылуды болдырмау үшін, құрылғы корпусын өз бетіңізше ашпаңыз, сервис орталығына хабарласыңыз.

2. Құрылғыны суға батырмаңыз.
3. Бұл құрылғы радиосигналдарды генерациялайды және қабылдайды, бұл жағымсыз кедергілерге немесе құрылғы жұмысындағы ақаулықтарға әкеле алады. Радиосигналдың интерференциясы салдарынан жұмысында ақаулар болса, осы құрылғы мен қабылдағыш (радио/ТВ) арасындағы қашықтықты арттырыңыз, құрылғы мен қабылдағышты бір розеткаға қоспаңыз. Егер мәселе жойылмаса, сервис орталығына кеңес алу үшін хабарласыңыз.
4. Құрылғыны аккумулятордың жарылу қаупін болдырмау үшін ашық алаудың әсеріне ұшыратпаңыз.
5. Құрылғыны қатты соққылардан және экстремалдық жоғары температуралардан сақтаңыз.

Құрылғының схемасы

1. Экран.
2. Қосу батырмасы.
3. Тамыр соғу датчигі.
4. Зарядтау порты.



Қолданбаны орнату

- App Store / Google Play / Myapp / Baidu Assisaint -тен «FitCloudPro» қолданбасын жүктеңіз немесе QR-кодты сканерлеңіз.
- Қолданбада тіркеліңіз, смартфонныңызда Bluetooth қосыңыз. Бұдан кейін қолданбаны ашыңыз, «құрылғы», «құрылғыны қосу», «іздеуді бастау» таңдаңыз, құрылғылар тізімінде фитнес-білезігіңізді таңдаңыз және түйіндестіруді аяқтаңыз.


Ескертпе:

Фитнес-білезікті Android-та смартфонмен түйіндестіру үшін, смартфон баптауларында орналасқан жерін анықтау функциясын қосу қажет.







Мәзір бойынша навигация

Қуат көзінің батырмасы

- Қысқа уақытқа басу: экранды қосу/сөндіру, алдыңғы түрін қайтару
- Ұзақ басу: құрылғыны қосу / сөндіру 

Экран

- Жоғары сырғытыңыз: хабарды қарау 
- Төмен сырғытыңыз: баптаулар мәзірін ашу 
- Сол жаққа сырғытыңыз: жылдам қолжетімділік мәзірін ашу 
- Оң жаққа сырғытыңыз: басты мәзірді ашу 

Негізгі функциялар

- Тамыр соғысын өлшеу.
- Қадам өлшегіш.
- Ұйқы мониторингі.
- Артериялық қан қысымын өлшеу.
- Жаттығулар режимдері.
- Циклдарды бақылау.
- Музыканы басқару.
- Хабарлар туралы хабарламалар.
- Кіріс қоңыраулары туралы хабарламалар.

МАҢЫЗДЫ: құрылғыны өлшеу нәтижелері диагностика мен емдеу кезінде қолданыла алмайды.

Қызмет көрсету және күту

1. Сенсорды тырнап алмаңыз және экранды зақымданудан қорғаңыз.
2. Құрылғыны суға ұзақ уақытқа батырмаңыз.

3. Душта, саунада, жүзген кезде, теңіз суында, қышқылды және сілтілі ерітінділерде, химиялық реагенттерде және басқа агрессивті сұйықтықтарда қолдану ұсынылмайды.
4. Құрылғы будың әсерінен қорғалмаған.
5. Ешқашан құрылғыны тазарту кезінде спиртті, еріткішті, бензолды немесе басқа еріткіштер мен абразивтерді қолданбаңыз.

Жаңартуларды орнату

- Жаңартулардың болуы туралы хабарламалар қолданбада келеді.
- Жаңарту батарея заряды тек қана 60% жоғары болған кезде орнатылады.
- Жаңартуды орнатқан кезде сағатты пайдалануға тыйым салынады

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: SW86.
- Экран: 1.57” ажыратымдылығы 200 x 320.
- Bluetooth нұсқасы: 5.0.
- Батарея: литий-полимерлік, 3.7 В, 180 мА·с.
- Қорғаныс класы: IP68.
- ОЖ-мен үйлесімдік: Android 5.0 және одан жоғары, iOS 11 және одан жоғары.
- Баусыз өлшемі: 46*30*9.5 мм.
- Салмағы: 30.7 г.

Жинақталым

- Фитнес-сағат.
- Зарядтауға арналған кәбіл.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы -10°C бастап 50°C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулылығын анықтаған кезде дереу авторизацияланған сервис орталығына хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсыру керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін зиянның алдын аласыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Томстар Тэкнолоджи Ко., Лтд.

2110, 2111, 2112, 2113, 2115, 2116 кеңселері, 21-қабат, Хуафэн халықаралық коммерциялық ғимараты, 4018-үй, Баоань даңғ., Сисян қосалқы ауданы, Баоань ауданы, Шэньчжэнь қаласы, Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдарды қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғимарат, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexr.club.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

Жазбалар үшін

Жазбалар үшін

Кепілдік талоны:

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен құрастыруда ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайы сақталғанда кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

www.dexp.club